

Туризм жөнінде кеңес құру туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 82-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 268 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 1-тармағына сәйкес:

1. Туризм жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Кеңестің құрамы;
 - 2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 24 сәуірдегі
№ 82-ө өкімімен
бекітілген

Туризм жөніндегі кеңес туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Туризм жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты туризмді дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың елдің туристік кешенін дамытуды жандандыруға бағытталған қызметін үйлестіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

5. Кеңес отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2-тарау. Кеңестің міндеттері

6. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) туризмді дамыту, экономиканың осы саласына инвестициялар тарту, Қазақстан Республикасына келудің қолайлы режимін қамтамасыз ету және туристердің шетелге шығуы үшін жағдайлар жасау, республиканың туристік имиджін қалыптастыру, туристік қызмет саласында мамандар даярлау мәселелері бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

2) туристік көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларды қызмет көрсету сапасы туралы хабардар ету мақсатында өзі бекіткен тәртіп бойынша туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың рейтингін жүргізу;

3) туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың қатысуы жөнінде ұсынымдар тұжырымдау;

4) туризм нарығында қалыптасқан процестерді талдау мен болжау негізінде шешімдер қабылдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) туризмнің басым түрлері мен туристік аймақтарды қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген ұсыныстар әзірлеу;

6) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және туристік лекті бақылау іс-қимылын үйлестіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау болып табылады.

3-тарау. Кеңес қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі

7. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 24 сәуірдегі
№ 82-ө өкімімен
бекітілген

Туризм жөніндегі кеңестің құрамы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, төраға
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі, төрағаның
орынбасары

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы, хатшы

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары

Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары

Ақмола облысы әкімінің орынбасары

Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары

Алматы облысы әкімінің орынбасары

Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары

Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

Жамбыл облысы әкімінің орынбасары

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары

Қостанай облысы әкімінің орынбасары

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

Павлодар облысы әкімінің орынбасары

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

Түркістан облысы әкімінің орынбасары

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары

"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының туризм саласы комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісу бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК